



Бала асырап алу

Орындаған; Раметов.Улугбек

Бала асырап алу — заңы акт. Ол баланың және оны тәрбиелеуге алған адамның арасындағы құқықтық қарым-қатыныстарды айқындайды. Негізінен, кәмелетке толмаған балаларға қатысты әрі солардың мүддесіне орай жүзеге асуға тиіс. 1998 жылғы 17 желтоқсанда қабылданған ҚР-ның “Неке және отбасы туралы” заңында Бала асырап алудың тәртібі, оның құқықтық салдары, тиісті адамдардың заңи міндеттері мен жауапкершіліктері, т.б. егжей-тегжейлі қарастырылған

Бала асырап алудың құпиялығы

Бала асырап алудың құпиялығы - бала асырап алудың құпиялығы заңмен корғалады. Бала асырап алу туралы шешім шығарған судьялар немесе бала асырап алуды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған лауазымды адамдар, сондай-ақ бала асырап алу туралы өзгедей түрде хабардар болған адамдар бала асырап алудың құпиялығын сақтауға міндетті. Бала асырап алудың құпиялығын оны асырап алушылардың еркіне қарамай жария еткен адамдар заңда белгіленген тәртіппен жауапқа тартылады.

Бала асырап алу тарихы

1. Бала асырап алу туралы тұңғыш заң 1851 жылы АҚШ-тың Массачусетс штатында қабылданған. Бұл заң бойынша асырап алынған бала биологиялық балаға тиесілі құқықтарға ие болған. Судья бала асырап алушы ата-аналардың баланы тамақтандыра алу мүмкіндігін ғана емес, сондай-ақ оған білім беру мүмкіндігінің де бар-жоқтығын анықтауға міндетті болатын.

2. Францияда баланы заңдық асырап алу 18-ғасырдың басында Наполеон кодексінде, ал Ресейде 1 Александрдің патшалық етуі кезінде пайда болған. Ресейлік заңда бала асырап алу мәселесі көптеген шектеулерге толы болды, сонымен бірге жоғары сословие өкілдеріне қатаң талаптар қоюымен ерекшеленеді. Әулетті ақсүйектердің бала асырап алуына тек император рұқсат беретін. Жеке ақсүйектерге, молдаларға, құрметті азаматтарға және көпестерге бала асырап алу рәсімі оңайлау болатын, бірақ олардың да бала асырап алуы Сенатпен бекітілетін. Тек шаруалар мен ұсақ мүдделі адамдарда бала асырап алу «отбасына қоса салу» арқылы жүргізілетін.

Қазақстан балаларын шетел азаматтары асырап алуы

1. 2012 жылғы 17 қаңтарда күшіне енген "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" ҚР Кодексімен шетелдік азаматтармен бала асырап алу үрдісі тұжырымдамалы түрде өзгертілді: Егер бұрынырақ шетелдік бала асырап алушылар тікелей асырап алатын болса, онда қазір асырап алу мәселелеріне тек заңды тұлғалар - агенттіктер, ҚР аумағындағы өздерінің филиалдары мен өкілдіктері арқылы жіберілетін болады.

2. Бала асырап алушыларды іздеу және бала асырап алу үрдісін рәсімдеу бойынша қызметті жүзеге асыратын агенттіктерге Қазақстанда олардың құқық қабілеттілігін ресми түрде тану үшін балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалар құқықтарын қорғау жөніндегі комитетте аккредиттеу рәсімінен өтуі қажет болады.

3. Өтініш берген кезде өз мемлекетінің аумағында аталған салада өз қызметін кемінде он жыл жүзеге асырып жүрген бала асырап алу жөніндегі агенттіктер аккредитациялауға жатады.

Агенттіктер 1 жыл мерзімге аккредиттеледі.

4. Егер агенттікпен заңда белгіленген барлық талаптар сақталған болса бұл мерзім автоматты түрде созылады.

Баланы қалай асырап алуға болады?

Әрбір ересек адам үшін оның өміріндегі ең жақын әрі қадірлі нәрсе – бала. Оның жарық дүние есігін ашқанда інгәлаған дауысы мен алғашқы жымиып, шалықтап күлген кездері, «апа», «әке» деген алғашқы сөздері өмірін мән-мағынаға толтырады. Бала үшін ата-ананың ыстық ықыласы мен мейірімінен артық не болмақ?

Көптеген отбасылар бала сүйгісі келеді, алайда бала асырап алу жайында шешімге келу оңай емес. Сонда й-ақ, бүгінгі қоғамда отбасылық бақыттан айрылған қаншама сәби бар. Қымбатты болашақ ата-ана, қиындықтан ешуақытта қорықпаңыздар! Жер бетіндегі ең үлкен бақыт – әке атану мен ана болу бақыты! Сәл ойланып көрсеңіз, дүниеге ұрпақ әкелуден де маңыздысы, оны азамат етіп, тәрбиелеп өсіру екендігіне көз жеткізер едіңіз.

Егер Сіз бала асырап алғыңыз келсе, республикамыздың кез келген аймағынан не болмаса тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық және қамқоршылық органына барып, өтініш беруіңізге болады.

Өтінішке төменде көрсетілген құжаттарды қоса тіркеу қажет:

- 1) жұмыс орныңыздан лауазымыңыз бен еңбекақыңыз көрсетілген анықтама қағаз;
- 2) тұрғылықты мекен-жайыңыздағы үй кітапшасының көшірмесі;
- 3) тұрғын-жайға иелік, меншіктік құқығыңызды растайтын құжат;
- 4) сотталмағандығыңызды растайтын құқық қорғау органдарының анықтамасы;
- 5) денсаулық жағдайыңыз туралы емдеу-профилактика мекемелерінің медициналық қорытындысы;
- 6) (егер некеде болсаңыз) неке куәлігінің көшірмесі;
- 7) тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық және қамқоршылық органдарының мамандары жасаған тұрғын үй-тұрмыстық жағдайыңыздың зерттеу актісі .

Егер Сіз кәмелетке толмаған ата-аналардың (18-жасқа толмағандардың) баласын асырап алғыңыз келсе, онда олардың ата-аналарының немесе қамқоршыларының (қорғаншыларының), егер ондайлар болмаған жағдайда – қорғаншылық пен қамқоршылық органының келісімін алуыңыз керек. Баланы асырап алуға байланысты ата-аналардың келісімі өтінішпен бірге тіркелуі тиіс, ол нотариуспен расталуы немесе ата-анасының қарауынсыз қалған бала қарауына берілген мекеме жетекшісімен, әйтпесе баланы асырап алу ісі бойынша немесе ата-аналарының тұрғылықты жері бойынша қамқоршылық пен қорғаншылық органымен, сондай-ақ, баланы асырап алу өндірісі бойынша сот отырысында тікелей расталуы керек.

Баланың ата-анасы туралы ақпарат

Баланың ата-анасы туралы ақпаратты (оның жетім немесе ата-анасының қамқорлығынан айрылғандығын, яғни мәртебесін растайтын құжаттарды) сұратуды ұмытпаңыз. Мысалы, егер баланың анасы ата-аналық құқығынан айрылған болса, ал әкесі бас бостандығынан айрылған болса, онда мұндай баланы әкесі қамаудан босатылғанша асырап алуға болмайды (егер әкесі асырап алуға жазбаша түрде келісім берсе, әрине онда мүмкіндік бар).



Бала асырап алу міндеті

